

Әр саладағы мамандарымыз көненің көзі мен бүгінгі тәуелсіз елдің қажетін бірдей алып кете ала ма, әңгіме сонда. Оның басты талабы – мамандардың интеллектуалды және әдістемелі мәдениетін бірдей қалыптастыру. Әзірге бұл бағытта тындырған істерден гөрі, үзілмеген үміт басым. Ең басты ескерер жәйт – төл тамырымыз бен мәдениетімізге деген патриоттық сезімнің, азаматтық құлшыныстың, қазақтық, ұлттық болмысымыздың жетіспеуі. Кейбір рухсыз, намыссыз жастарымыздың бойында бақытты, жақсы өмірді басқа жақтан іздеу сияқты құбылыстар да кездеседі. Мұндай жағдайдың Президенттің «Болашақ» бағдарламасымен шет елдерге барғандардың ішінде де кездескені өкінішті. Бұл туралы Президент: «...Мен кейбір болашақтықтардың елден ұзаған соң ұлтпен байланысын үзетінін, ұлтжандылық сезімді жоғалтатынын көп естіп жүрмін», деген еді. Иә, шетелдегі жақсы өмірдің, мол ақшаның буына масайрағандар өзінің туған еліне, өскен жеріне менсінбей қарайтындар жоқ емес. Салыстыру үшін айта кетелік, ХХ ғасырдың басында Петербурда, Варшавада, Уфада, Қазанда, Түркияда, Томскіде және басқа шет жерде оқыған қазақ зиялылары жоғары біліммен туған еліне оралып, ел болашағын ойлап, сол үшін күресіп, жандарын да сол ұлы мақсат жолында пидә етті, Алаш ардақтылары кейінгі ұрпағының жадында атымен қалды.

Біздің ойымызша, оның басты себебі, қазіргі жастарымыздың бойындағы этномәдени білім мен тәрбиенің тапшылығы болса керек. Әйтпесе, ата-бабаларымыздың айтып кеткен: «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», деген өсиетін ескерер еді. Бақытты өмірді басқа жақтан іздемей, өз Отанымызды бұл дүниенің жәннаты мен шуағы деп есептеп, өз білімдеріміз бен қайрат-жігерлерімізді еліміздің мүддесіне жұмсауымыз керек деп түсінер еді. Туған еліміз дәулетті, туған жеріміз сәулетті болса бұл бүкіл ұлтымыздың ырысы. Ал оны ары қарай еселейтін бүгінгі жастар. Кешегі кеңес кезінде «бәрін де кадр шешеді» деген ұран болды, кезінде оның мәнісіне терең үңілмедік, байыптап қарасақ, орынды қойылған талаптардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында, Алматы, 1999
2. Қайға оралған есім // Егемен Қазақстан, 12 ақпан, 2009
3. Егемен Қазақстан //Қазақтың бағы да, байлығы да – тәуелсіздік! Бейсенбі, 8 қараша 2012
4. Егемен Қазақстан Тәуелсіз елге – тәуелсіз тарих //Тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Есмағамбетовпен әңгіме
5. Тәуелсіздік және ұлттың рухани болмысы мен санасы //Егемен Қазақстан, 17 желтоқсан, 2011

XI ғасырда уздардың (торктар) батысқа қоныс аударуы және нәтижесі

Шалбаев А.А

Судейман Демирел Университеті, PhD., аға оқытушы

Еділ бойы мен Қаратеңіздің солтүстігін қамтитын Шығыс Еуропа өңірі ІҮ-ХҮІІ ғасырлар арасында түркі халықтарының отаны болған. Атап айтқанда бұл жерлерде Европа Ғұндары, Хазарлар, Бұлғарлар, Алтын Орда, Қырым, Қазан, Астырахан сынды саяси бірлестіктер өз үстемдіктерін жүргізген. Шығыс Еуропа өзінің табиғи болымысымен әр дайым далалық аймақтарды мекендейтін көшпенділердің назарын аударып отырған.

Х-ХІ ғасырларда өз отандарында қыспаққа түскен көшпенді тіршіліктің өкілдері Печенек және Оғыздар өздерінің ескі тіршіліктерін жалғастыру мақсатында Қаратеңіздің солтүстігіндегі далалық аймақтарға қоныс аударады. Алайда олар көш барысында кездескен түрлі саяси және табиғи құбылыстарға төтеп бере алмай тарих сахынасынан жойылады.

Х-ХІІ ғасырлардағы Шығыс Еуропаға бағытталған қоныс аударуда негізгі рольді ойнаған әрине ол Оғыздардың, «Уз» деп аталған батыс қолы болды. Уздар Шығыс Еуропада өте қысқа уақыт тұрақтаған. Олардың Еділ-Жайық өңіріндегі, Еділдің батысындағы, Ока озенінің маңындағы тарихы жөнінде өте аз мағұлімат бар. Ибн Фадлан 922 жылында олармен Жайық бойында ұшырасқан. Саяхатшының баяндауларына қарағанда олар бұл уақытта нағыз көшпенді

тіршіліктің өкілдері еді және Ислам дінінен ешқандай хабарлары жоқ болатын. Орыс жылнамаларында осы өңірдегі уздармен Русь княздықтарының Бұлғарларға қарсы одақтасқандығын да баяндайды. Қазіргі таңдағы солтүстік Ресейдегі «Торк» атауымен білінетін көптеген елді мекендер мен жер-су аттарының көптігі бұның айқын өрнегі болса керек [1].

Тарихи деректерге қарағанда XI. ғасырдың басында, Уздардың негізгі қолы шығыстан төнген Қимақ-Қыпшақтардың тегеуіріне шыдамай Еділдің батыс жағалауына өтіп, Дон өңірін жаулап алуға кіріскен.

Уздардың жеке топтар болып Еділ-Жайық өңірінен ауа көшулеріндегі басты себеп ығысқан құмандардың соққысына байланысты еді. Осыған орай пешенектерді соңынан қыспаққа ала отырып, қалың уз тайпалары, Қаратеңіздің солтүстігіндегі далалық аймақты бетке алып батысқа жылжиды. 1055 жылы Уздардың қалың көші Днепрге ұласып, одан арман қарай да жайылымдық жер іздеп ен далаға жайылды.

Осылайша Құмандардан ығысқан Уздар 1060 жылы Орыс княздықтарының билігіндегі Днепр өңіріндегі далалық аймақтарды жаулап алады. Көшпенді түркілермен шекаралас болған Пряславл княздығы қалың қол Уздарға тек басына тосқауыл болуға күші жетпейтін еді. Орыс даласын бойлай ішкі аймақтарға қарата жылжып келе жатқан Уздардың шапқыншылығы басқа орыс княздықтарына да айтарлықтай қауіп төндіретін. Осыған орай көрінген қатердің алдын алу мақсатында орыс княздықтары ортақтаса жасақ құруға мәжбүр қалды. 1060 жылы Киев, Чернигов және Превеславл орыс княздықтарының одақтасқан әскері Уздарға қарсы, төменгі Днепрге қарай. Уздардың келешектегі тағдырын шешкен ақтық шайқасқа аттанады [2].

Осылайша Орыс княздықтары тарапынан талқандалған уздар, көп кешікпей Қаратеңіздің солтүстігіне аяқ басқан Құмандардың да қыспаққа алуымен, олар алдымен Днепрдің қарсы жағалауына Туна өңіріне ығысуға мәжбүр болды. Алайда, Дон мен Днепр аймақтарында қалған Уздардың бір бөлігі, қыпшақ хандарының билігіне кірсе, кейбір бөліктері Киевтің қамқорлығына кіруге мойын ұсынды. Осылайша Құмандар Уздардан босап қалған шұрайлы жерлеріне егелік қылады. Тіпті орыс княздықтарының қамқорлығындағы кейбір Уз топтарын өздерінің басыбайлы құлдары екендігін айтып, қайтарып алуға тырысады. Жылнамаларда, Құмандардың екінші рет орыс жерлеріне 1061 жылы бой көрсетеді. Құмандардың бұл келуіндегі негізгі мақсат өздерінің иеліктерінен қашқан уздарды қайтарып алу болса керек [3].

Днепр аймағынан қоныс аударған көптеген уз тайпалары 1064 жылы Төменгі Тунадан бірақ шықты. Бір шама уақыт уздар Тунаның төменгі сахаларында және оның солтүстігіндегі аймақтарды паналады. Византиялықтар оларды өз аттарымен «Уз» (окуз) деп атады. Алайда Уздарға бұл жерлер де пана болуға жарамай 1065 жылы жалпы саны 60 мың кісілік үлкен бір топ қалінде Дунай өзенінен өткен Уздар, тармақтарға бөлініп, Балқан түбегіндегі халықтарға шабуылдайды. Олар Тракия мен Македония аралығындағы аймақты тоз-тозын шығарып тонайды.

Уздардың бұл шапқыншылық әрекеті, баста Византия, қалаберді барлық Еуропаға үлкен қорқыныш пен үрей туғызады. Алайда бұл жорықтардың соңы Уздардың жойылып кетуімен аяқталады.

Уздардың Балқан түбегіне таралулары : Уздар төменгі Туна өңіріне аяқ басуларымен печенек тайпаларының шығыс бойына жеткен болатын. Византия императорлығы XI ғ. ортасында печенек тайпалары арасында шыққан ішкі қақтығыстар мен рулардың келіспреушілігінен пайдалана отырып, оларды өзіне бағындарап топтарға бөлу арқылы Балқан түбегіндегі тау жоталарына және Дунай өзенінің шығыс жағалауларына орналастырған болатын. Бұл мекендер Византия үшін солтүстіктен келетін қатердің алдын алатын қорғаныс шептері еді. Осылайша Византиялықтар еш уақытта тоқтау білмейтін және қай уақытта шыға келетіндігі белгісіз көшпенділердің шабуылдарына қарсы мемлекеттің шекараларын қорғауды ойлаған болатын. Алайда бұл оншалықты іске аспады. Қызыметке алынған печенектер немесе басқада түркі тайпалары Византиялықтарға адал қызымет көрсетпеді. Печенектер ішкі аймақтарға бой үйретіп алғанан кейін де ескі шапқыншылық әдеттерінен бас тартпады, Византияға солтүстіктен төнетін қауіп-қатерге тосқауыл болудан орнына Балқандағы жергілікті халықтарды тонаумен болды. А.Н.Курат печенектердің ішкі аймақтарға ентелеуінен бас тартпауының себебін, олардың ұдайы уздардың қыспағында болғандығымен байланыстырады. Яғни бұрын соңды да печенектердің Еділ өңірінен қоныс аударуларына түрткі болған оғыздардың қыспағы еді. 1048 жылы уздар болса шығыстан

келген құмандардың ықпалы салдарынан бұрынғы жұртын тастап, Днепр жағалауларына дейін жылжыған болатын. 1060 жылдардан бастап барлық оңтүстік орыс территориялары құмандардың егемендігіне кіріп және бұл жерлер «Дешті Қыпшақ» атымен таныла бастады. Осылайша құмандардың егемендігіне кіріп, құл болудан қашқан уздардың үлкен бір бөлігі төменгі Дунайға печенектердің соңынан ығысқандығын көреміз. Бұлардың жалпы саны Византия деректерінде 600 мың деп көрсетілсе де, бұл көрсеткіштің бір шама асыра сілтеп айтылғандығы байқалады. Уздардың барлығы бұл көште орын алмаған. Олардың көпшілігі Қара теңіздің солтүстігіндегі жаңа билеуші құман-қыпшақтардың егемендігінде өмір сүрулерін жалғастырды, кейбіреулері болса Киев маңында орыс княздықтарының қызыметіне кіріп, Рос өзенінің жағалауларына орналасты [4].

Уз тайпаларының келуімен Дунай өңірінде көшпенділердің саны шамадан тыс артқан еді. Оның үстіне Дунай өңірі Орта Азиядан бері бірбірлеріне қас дұшпан екі көшпенді түрік қауымына ортақ мекен бола алмайтын еді. Осыған байланыста Дунайдың төменгі сағасында печенектер мен уздар арасында 1064 жылы жойқын шайқастың болғандығын дерек көздеріне қарап, топшылай аламыз. 1064 жылдан бастап қыпшақтардың тегеурініне шыдай алмаған уздардың бір бөлігі қолдан қайық жасап және ішіне сабан толтырған қаптарды аттарына байлап, Дунайдан жүзіп өтеді. Олар Македония мен Фракия жерлеріне өтті, және көп кешікпей Византия қамалдарының маңынан көрінеді. Ал негізгі уздардың тобы 1065 жылы қыс айында мұз қатқан Дунайдан өтіп, бұлғарлар мен печенектердің қарсылығына бой бермей төменгі Дунайға аяқ басты. Бұл жойқын көштің ішкі тарихын Византия тарихшысы Атталиятестің баяндауларынан оқып білуімізге болады. Ол «Балқандарда айтарлықтай тосқауылға тап болмаған уз тайпалары алғашқыда өздеріне тамақ, аттарына шөп іздеп, Дунай жазығына тарады. Олар Балқандарда айтарлықтай тосқауылға қарсыласпағандықтан, қысқа уақытта Тракия, Македония, Селаникке дейін барып, Балқан түбегін толығымен жаулап алды. Олар бұл өңірді аяусыз тонап, талан-таражға салды. Осыған байланысты Европа халқы үлкен үрей ішінде бұл әрекеттің соңы немен бітетіндігін асыға күтті»-дейді. Шындығында Византия тарихында оғыздардың шабуылы бір мезгілде болып біткен толқын іспеттес еді. Византия императоры Константин Дукас алғашқыда уздардан сескеніп, оларға қарсы тұруға батылы жетпеген. Дукас қайтадан Дунайдың қарсы бетіне шегінулері үшін уздардың басшыларына сый-сиапат көрсетіп көндіруді ойлады. Алайда дәл осы уақытта қақаған қыстың суығы, өзі аш әрі азып-тозған уздарға айтарлықтай қиыншылықтар туындатты. Осының нәтижесінде көп уақыт өтпей-ақ сый-сиапат беріп кері шегінуге көндіруге тырысқан Дукасқа қуанышты хабар келіп жетеді. Ол хабар уздардың араларында жұқпалы аурулардың тарап, көпшілігінің өлгендігі және қалған бөліктері аштықтан әлсіреп, Дунайдың оңтүстігіне қайта шегінгендіктері және бұл жерлерде де печенек-бұлғарлардың соққысына ұшырып, ел болудан қалғандығын баяндайды [5].

Негізінде 1065 жылы тарих сахынасынан орын алған уздардың бұл әрекеті Византия мемлекетіне қарсы бұрын-соңды да болып тұрған кішігірім Туна өңірінде өміт сүретін оғыздардың аздаған топтары емес, бұл жолы Қара теңіздің солтүстігін құмандардың басып алуына байланысты өздеріне жаңа мекен іздеуге мәжбүр қалған негізгі топ қоныс аударған еді. Алайда көш барысында аштық уздардың арасында үлкен шығынға жол ашты. Осының салдарынан уздар ел болудан қалып, ескі саяси қуаттылығына қайта қауыша алмады. Уз қолбасшыларының кейбіреуі осы уақиғадан кейін қол астындағыларды ертіп, Византияның үстемдігін мойындаса, қалған негізгі қол Ресейдің оңтүстік өңіріндегі далалық аймаққа оралуға мәжбүр болды.

Сол кезеңдерде Еуропа мемлекеттерінде көшпенді түріктерді жалдамалы әскер ретінде қызыметке алу кең тараған жағдай болатын. Византия, Венгрия, Еділ және Туна Бұлғарлары мен орыс княздықтары осындай жалдамалы әскерлерге қатты мұқтаж еді. Бұл жалдамалы әскерлер белгілі аймақтарда, көбінесе билеуші топтардың мекендерінде және экономикалық маңызды аймақтарды жаудан қорғау үшін қолданылатын болған. Уз тайпасының Балқандарда қалған бөлігі Византия императорынан Македониядағы қазына еншісіндегі жерлерге орналасу хұқықына ие болды. Бұлар печенектердің қабатында Византия әскерінде қызымет етті. Кейінгі уақытта Анадолыда Салжұқтарға қарсы Малазгирт шайқасына қатысып, Византия жасағының оң қанатында орын алғандығын білеміз. Ислам тарихшысы Ибну-л Жевзиенің дерегіне қарағанда бұл уздардың жалпы саны 15 мыңды құрайтын еді. Атталиятестің пікірі бойынша уздар мен

печенектер «скиф жасақтары» деп аталып, Византия әскерінің атты эскадриасын құраған. Тіпті бұл тарихшы кейінгі кезеңдерде кейбір уз бектеріне сенаторлық дәрежесінің берілгендігін баяндайды [6].

Бұл ер жүрек оғыз тобының тағдыры осылайша қайғылы бітуіне себеп болған негізгі мәселе олардың бейберекет жоспарсыз әрекет етуі және оларда біртұтас мемлекеттік ұғымның болмауы еді. Десекте уздармен бір атаның баласы болған, бірақ Византияға Анадолияның шығысы арқылы кірген Оғыздар болса жеңіске қол жеткізгендігін көреміз. Олардың бұл жетістіктерге қол жеткізулеріне түрткі болған негізгі себептердің басында мемлекет құру, жаулап алынған жерлерде түбегейлі орнығу және Ислам дінінің шарттарын орындау секілді идеялардың баста келгіндігін көреміз.

Алайда Уздардың Прутта және Дунай бойларында болып, әрі Византияның егемендігіне өтулері тарихи және этнографиялық тұрғыдан өте маңызды екендігін де ұғынуға болады. Балқан түбегінде Македониядағы түркі қауымдарының қайтадан күшеюі міне осы Уздардың шапқыншылығынан кейін болған. 1064/1065 жылдарында пайда болған Уз әрекетінің Балқан түбегі үшін осындай маңыздылығы бар.

Киев маңына қайтқан уздар: Қыстың хақарына ұшыраған Уздардың үлкен бір бөлігі қайтадан Дунайдың солтүстігіне оралуға бел байласа да қайтар жолда олардың көпшілігі аштықтан қырылып қалады. Тірі қалғандары болса оңтүстік орыс княздықтарымен шекаралас аймақтарға орналасты. Атталанғандар берген деректерге қарағанда орыстардың Мирмидондар княздықтары тарапынан олар қалаларға бөлініп орналастырылған. Осылайша мирмидондар тарапынан 1065 жылы Уздардың қалаларға қоныстандыру уақыты Орыс жерінде Уздардың орналасуының бастамасы болды.

1060 жылдан кейін Уздардың аттары алғаш рет 1080 де Орыс жылнамаларында көптеп атала басталады. Алайда баяндауларға қарағанда орыстар мен уздардың арасындағы қатынастар біршама жақсарғандығы байқалады. Олар санаулы уақыттардың тысында орыстармен достық қарым қатынас ішінде болған. Олар Киев және Пряслав княздықтарының территориясына «Рос» өзенін бойлаған шекаралық аймақтарды бойлай Торческ, Древен қалаларында орналасқандығы байқалады. Орыс-торк қатынастары кейінгі кезеңдерде одан сайын дамып туысқандық қатынастарына дейін көтерілген. Орыс княздықтары далалық аймақтың күш күдіретіне әрдайым бағынышты болып келген. Осының алдын алу мақсатында осы торктармен жақсы қарым қатынастар орнату арқылы далалық аймақтардан тонетін қауіп қатерден қорғанып отыруға тырысқан. Осы мақсатта тіпті торктармен кінәздердің некелік қатынастары болғандығын көруге болады. Орыс Княздер өз ықпалдылықтарын түркі ханшайымдарға үйлену арқылы сайлаған. Даланың билеп-төстеушілерімен одақтаса отырып, өздерінің иелік еткен жерлерін қорғап немесе ішкі қожалықтарын кеңейтуге тырысқан. Некелер ұзын жылдарға созылған әскери одақтастықты туындатқан. Осылайша Орыс князіне қызын ұзатқан ру туыстасып, оған қарсы шабуыл жасамаған, қауіп-қатерден қорғап отырған. «Күйеу бала» да тап осындай ағайыншылық салтты қадір тұтқан [7].

Балқан түбегінен қайта оралған Уздар немесе торктар туралы жылнамалар олардың орыс шекаралары бойына орналасып, олар орыстарға печенегтердің, сонан соң половецтердің шабуылын тойтаруға көмектескені туралы көптеп жазады.

XII ғасырдың жылнамасында Святослав Всеволодович (Игорьдің немере інісі) жалған жаламен тұтқынға алған «Торктың билеушісі» Кунтудың аты аталады. Русь еліне шын ниетімен берілген адам ретінде оған басқа орыс княздері арашаға түседі. Кунтудының далалық қандастары оны жәбірлегені үшін Киев кінәздігіне шабуыл жасап, жәрдем көрсетеді. Деректерде Кунтуды Рюрикпен анттасып, қызметі үшін оған Русь өзенінің бойындағы Дверень қаласын сифа бергендігі баяндалады [8].

Көшпелі торктардың осы Киев мемлекетінің жеріне берік қоныс тепкендігі жөнінде дәлелдемелер мол. Оған жер-су атаулары да айғақ бола алады. Қазіргі тауда Торчиново қалашығы, Торское селосы — Харьков маңы, Торч, Торчин тоғайы, Торчанка өзені (Ушидің саласы) Торчице өзені бойындағы Торчица селосы, Торча өзені, Волындағы Торча қаласы, Торчин белеці (Киев маңы), Торчевский степак селосы, Торча өзені, Черная Русьтегі Торчицы селосы, Торчин қаласы, Торктар қаласы (Подолияда), Галицк жеріндегі Торки (Пермыш Повет), Торки (Сокальский

повет), Торчинови-чи (Самборский повет); Торктер тек өздерінің аттарымен байланысты осы күнге дейін сақталған аталмыш мекендерде ғана тұрған жоқ. Олар, сірә, оңтүстік орыс қалалары мен елді мекендердің аралас қоныстанушыларының әжептәуір негізін құрады.

Киев және Прояслав княздықтарының қызыметіндегі Уз рулары аталмыш княздықтардың оңтүстік және шығыс шекараларында орын алып, XII ғасырдың соңына дейін тіршіліктерін жалғастырып келді. Уақыт өте ішінара бөлшектенген Уздардың бір бөлігі отырықшы тіршілікке бейімделді. Ал қалған бөліктері осы шекара бойларында кейіннен қалыптасқан Қарақалпақ сияқты саяси ұйымдармен бірлесіп, көпке дейін өздерінің ескі ру аттарымен аталып жүрді [9].

Әдебиеттер:

- 1.С.Кожя, Түріктердің қоныс аударулары және таралуы, Түріктер Энциклопедиясы, том-І, Анкара, 2002, бет-459
- 2.А.Н.Курат., Печенек тарихы, Ыстанбул, 1937, бет-25
- 3.С.Плетнева, IX-XIII ғ.ғ.Оңтүстік Орыс далалық аймақтарындағы көшпенділер, Москва, 1984., бет-125
- 4.А.Н.Курат., IV-VIII ғасырлардағы Қаратеніздің солтүстігіндегі қауымдар және мемлекеттер, Анкара, 2002, бет-147
- 5.А.Н.Курат., Ресей тарихы, Анкара, 1993, бет-54
- 6.С.А.Плетнева, Половецтер, Москва, 1990, бет-96
- 7.О.Прицак, Түрік-Славияндардың ортақ өмір салты: Оңтүстік шығыс Европаның түрік көшпенділері, Түріктер, том-І, Анкара 2002, бет-516
- 8.Д.А. Расовский, «Ескі Рус тарихында қарақалпақтардың ролы», Үлке журналы, № 57, Анкара, 1937, бет-257
- 9.А.Н.Курат., Печенек тарихы, Ыстанбул, 1937, бет-36

Мысыр Мәмлүк мемлекеті және Рүкнеддин Бейбарыс сұлтанның билігі

Молдабаева Д.Ж.

Сулейман Демирел университеті, PhD

«Мәмлүк» сөзінің төркіні арапша «мелеке» сөзінен келіп, мағанасы қожайынның билігіндегі құл дегенді білдіреді. Арапшада ата-анасы құл болған құлдарға «абд» сөзін қолданған яғни тегі құл болғандарды «абд» деп атаған. Ал қарапайым жанұяда дүниеге келіп бірақ кейіннен соғыс жағдайына байланысты қолға түсіп құлдыққа салынған ақ нәсілді жандарды ерекшелеп «мәмлүк» деп атаған. Уақыт өте келе араб әлемінде мәмлүк деп билеушілер мен сұлтандардың арнайы жасақтарында қызымет атқаратын өзіндік әлеуметтік және құқықтық дәрежесі бар арнайы жасақтарды айтатын болған[1].

Тарихта бұлардың орта ғасырларда Мысыр елінде құрған мемлекеттеріне «Девлетү-л Мемалик» (Мәмлүк мемлекеті) деп атаған.

Өз үстемдіктерінің ықпалын арттыру мақсатында Ислам тарихында алғаш рет «мәмлүк» жасақтарын қолданғандар Аббаси халифалары болған. Аббаси мемлекетінің құрылуында парсылардың үлкен рөл ойнағаны тарихта белгілі. Осыған орай Ирандықтардың мемлекет ішінде ықпалы арта түсті. Осының алдын алу мақсатында Аббаси халифалары, атап айтқанда Халифа Мемун (813-833жж.) дәуірінен бастап мемлекет ішінде тепе-теңдікті реттеу мақсатында сырттан түркілерді алып келіп олардан әскери жасақтар құрды. Аз уақыттың ішінде жалпы сандары 30 мыңнан асқан бұл топтарға арнайы жағдай жасалды. Халифа ел-Мутасымның билігі ұсында (833-842жж.) бұл түрік топтары үшін арнайы Самара қаласын салдырып оларға мол мүмкіндік жасады. Бұлардың араб немесе парсы қыздарымен үйленіп, тектіліктерін жоғалтпаулары үшін оларды арнайы өз нәсілінен болған түрік қыздарымен ғана үйлендірген. Сондай ақ, бұларға тек қана өз ішінен сайланған қабілетті адамдар ғана басшылық жасайтын болған.

Аббаситтер өздерінің күш-қуатын арттыру мақсатында ұдайы «мәмлүк» сатып алып отырған. Аббаситердің ішкі саясатында жиі-жиі бой көрсететін саяси қақтығыстарда, мәмлүктер қарсыластар үшін ең сенімді әскер қолы болып есептелінген. Билік үшін талас-тартыста мәмлүктерді жасак ретінде қолдану қысқа уақытта барлық ислам әлеміне тарап үлгереді. Алайда